

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы
Қазақстан-Оман бірлескен комиссиясын құру туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 68 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырган Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Оман бірлескен комиссиясын құру туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Оман бірлескен комиссиясын құру туралы келісімге Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 31 қаңтардағы
№ 68 қаулысымен
макұлданған
Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы
Қазақстан-Оман бірлескен комиссиясын құру туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі Тараптар мемлекеттерінің арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында өз заңнамасына сәйкес тең құқықтық, өзара пайда қағидаттарының және халықаралық құқық нормаларының негізінде екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын басқа да салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Қазақстан-Оман бірлескен комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

2-бап

Комиссия Тараптардың заңнамасына сәйкес тең құқықтық және өзара пайда қағидаттары негізінде екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық,

технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын басқа да салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдем көрсетуге және тараптар арасындағы ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі іс-қимылды үйлестіруге бағытталған.

3-бап

Комиссияның құзыретіне төмендегілер жатады:

1. Тараптар арасында өзара тиімді екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру ынтымақтастығының нәтижелерін қарau және талдау.

2. Екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты орнатуға және іске асыруға жәрдемдесу.

3. Екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру ынтымақтастығын тереңдету және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар тұжырымдау.

4. Тараптардың заңнамасына сәйкес екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру ынтымақтастығын дамытуға бағытталған басқа да міндеттерді орындау.

4-бап

Комиссия тепе-тендік негізде құрылады және Комиссия құзыретіне жататын әртүрлі қызмет бағыттары бойынша екі Тараптың өкілдерден тұрады.

Әр тарап өз заңнамасына сәйкес төрағаны (бұдан әрі – тең төраға) және Комиссияның тиісті ұлттық бөлігінің өкілдерін тағайындаиды.

5-бап

Комиссия екіжақты сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, технологиялық, ғылыми, туристік және білім беру, сондай-ақ өзара қызығушылық тудыратын басқа да салалардағы ынтымақтастық бойынша қызметтің өзінің басшылығымен жүзеге асыратын жұмыс топтарын құра алады.

6-бап

1. Комиссияның отырыстары кезеңдік негізде Қазақстан Республикасында және Оман Сұлтандығында кезек-кезек өткізіледі.

2. Шақырудың нақты күні мен Комиссия отырысының күн тәртібін Тараптар дипломатиялық арналар арқылы келіседі.

3. Әрбір отырыстың алдын ала күн тәртібін және басқа да тиісті материалдарды қабылдаушы Тарап екінші Тараппен консультациядан кейін дайындаиды. Тараптардың өзара келісуі бойынша күн тәртібіне қосымша тармақтар енгізілуі мүмкін.

4. Тараптардың дипломатиялық арналар арқылы келісімі бойынша әрбір Тарап отырыстарға қатысу үшін сарапшыларды шақыра алады.

7-бап

Комиссияның шешімдері екі Тараптың келісімі болған кезде жазбаша нысанда қабылданады және Тараптар заңнамасының талаптары ескеріліп хаттама түрінде ресімделеді.

8-бап

Комиссия отырыстарының құжаттарын қамтамасыз етуге, материалдарды, құжаттарды, отырыстар хаттамаларын дайындауға, кез келген жұмыс топтарының қызметін үйлестіруге, сондай-ақ Комиссияның жұмысы үшін қажетті әкімшілік сипаттағы басқа да міндеттерге Тараптардың әрқайсысының Сыртқы істер министрлігі жауапты болады.

9-бап

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, жіберуші Тарап өз делегациясының кері қарай жол журуіне ішкі көлікке және тұруына байланысты шығыстарды, ал қабылдаушы Тарап Комиссия отырыстарын, тең төрағалардың кездесулерін және жұмыс топтарының отырыстарын ұйымдастыруға байланысты әкімшілік шығыстарды көтереді

10-бап

Осы Келісімді қолдану немесе түсіндіру кезінде туындастырылған даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 12-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алғынғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

20__ жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазак, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер тентүпнұсқалы болып табылады. Сәйкессіздік туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Оман Сұлтандығының Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК